

Үкіметтің Заң жобалау жұмыстары жоспарының орындалу, басым заң жобаларын, сондай-ақ Президенттің тапсырмаларынан туындайтын заң жобаларын дайындау, заң жобаларының Үкіметте және Парламентте өту барысы туралы ақпарат

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Заң жобалау жұмыстары жоспарының ағымдағы жылы орындалуы туралы ақпарат мыналарды қамтиды:

1) Үкіметтің Заң жобалау жұмыстарының жоспарында көзделген заң жобаларының атауы (*тармақ, әзірлеуші мемлекеттік орган, Әділет министрлігіне, Үкіметке және Парламентке енгізу мерзімі, орындалу барысы*);

2) Парламент Мәжілісіне жіберілген заң жобаларының атауы (*тармақ, әзірлеуші мемлекеттік орган, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Парламент Мәжілісіне енгізу туралы қаулысының күні, нөмірі*);

3) Қазақстан Республикасының Президенті қол қойған заңдардың атауы (*әзірлеуші мемлекеттік орган, қол қойылған күн*).

2. Басым заң жобалары бойынша ақпарат (*Мемлекет басшысы заң жобаларын басым заң жобалары деп айқындаған кезден бастап ұсынылады*) мыналарды қамтиды:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы (*тапсырманың нысаны, құжаттың нөмірі мен күні*);

2) орындалу барысы (*заң жобасының атауы, тармақ, әзірлеуші мемлекеттік орган, Парламент Мәжілісіне енгізу мерзімі*);

3) Парламент Мәжілісіне жіберілген заң жобаларының атауы (*тармақ, әзірлеуші мемлекеттік орган, аяқталу нысаны, орындау мерзімі*);

4) Қазақстан Республикасының Президенті қол қойған заңдардың атауы (*әзірлеуші мемлекеттік орган, қол қойылған күн*).

3. Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларынан туындайтын заң жобалары бойынша ақпарат мыналарды қамтиды:

1) заңнамалық актілердің жобаларын (түзетулерді) әзірлеуді және/немесе қабылдауды көздейтін іс-шаралар жоспарының санын көрсете отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмалары (*тапсырманың нысаны, құжаттың күні мен нөмірі*), олардың ішінде:

- әзірленгені (*заң жобасының атауы, тармақ, әзірлеуші мемлекеттік орган, аяқталу нысаны, орындау мерзімі*);

- орындалуда (*заң жобасының атауы, тармақ, әзірлеуші мемлекеттік орган, аяқталу нысаны, орындау мерзімі*);

- Парламент Мәжілісіне жіберілгені (*заң жобасының атауы, тармақ, әзірлеуші мемлекеттік орган, аяқталу нысаны, орындау мерзімі, Парламентте орындалу барысы*).

2) Қазақстан Республикасының Президенті қол қойған заңдардың атауы (*әзірлеуші мемлекеттік орган, қол қойылған күн*).
